

Әкімдіктің 2009 жылғы 20 қаңтардағы № 45 "Облыстық бюджет қаражаты есебінен ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін және кемінде жиырма бес процент жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды белгіленетін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесін белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 23 қазандағы № 460 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 18 қарашада № 4298 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 19 ақпандағы № 71 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы әкімдігінің 19.02.2016 № 71 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, олқылықтарды, коллизияларды және сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2013 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 1-бабы 11-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қостанай облысы әкімдігінің 2009 жылғы 20 қаңтардағы № 45 "Облыстық бюджет қаражаты есебінен ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін және кемінде жиырма бес процент жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды белгіленетін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесін белгілеу туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3670 тіркелген, 2009 жылғы 25 ақпанда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстық бюджет қаражаты есебінен лауазымдық жалақылары мен тарифтік ставкалары кемінде жиырма бес процентке жоғары белгіленетін, ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау

туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Облыстық бюджет қаражаты есебінен лауазымдық жалақылары мен тарифтік ставкалары кемінде жиырма бес процентке жоғары белгіленетін, ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес айқындалсын.";

қосымшаның тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстық бюджет қаражаты есебінен лауазымдық жалақылары мен тарифтік ставкалары кемінде жиырма бес процентке жоғары белгіленетін, ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесі".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он қун откен соң қолданысқа енгізіледі.

*Костанай*

*облысының әкімі*

*H. Садуақасов*

КЕЛІСІЛДІ:

Қостанай облыстық

мәслихаты хатшысының

міндеттін атқарушы

К. Джаманбалин